



«БЕКІТЕМІН»
ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу
орталығы» РМҚК директоры
Р. Емелбаев
2023 ж.

«Педагогика» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтардың білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** 01140100 - Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі мамандығы, 4S01140101 - Бастауыш білім беру мұғалімі, 5AB01140101 - Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры біліктілігіне арналған «Педагогика» пәні бойынша тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Педагогиканың жалпы негіздері	01	Педагогика пәні, негізгі ұғымдары, пәні, зерттеу әдістері.
		02	Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі. Жеке тұлғаның тәрбиесі, қалыптасуы.
2	Тәрбие теориясы	03	Қазіргі қоғамдағы тәрбиенің мақсаты, міндеттері, мәні. Тәрбиенің әдістері мен құралдары.
		04	Оқушыларды тәрбиелеудің мазмұны және тәрбиенің түрлері. Қазіргі мектептегі балалардың қоғамдық ұйымдары. Балалар ұжымын қалыптастыру.
		05	Мұғалім – сынып жетекші. Отбасы, мектеп, жұртшылық.
3	Дидактика. Оқыту және білім беру теориясы.	06	Дидактика пәні, міндеттері. Оқыту принциптері.
		07	Білім берудің мазмұны. Оқыту әдістері.
		08	Оқытуды ұйымдастыру формалары. Оқушылардың білімін, дағдыларын бақылау және бағалау.
4	Мектептану негіздері.	09	Мектептану.
		10	Озат педагогикалық тәжірибе және инновация
Мән-мәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Педагогика пәні, оның негізгі ұғымдар.

Педагогика пәні. Педагогиканың ғылыми таным саласы-тәрбие. Педагогика - жалпы адам тәрбиесінің заңдылықтары жайындағы ғылым. Педагогикалық ұғымдар: тәрбие, білім беру, оқыту. Педагогика ғылымының салалары және оның басқа ғылымдармен байланысы.

Қазіргі педагогикалық зерттеулердің негізгі бағыттары. Педагогикалық зерттеу әдістері.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі. Жеке тұлғаның тәрбиесі, қалыптасуы.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің құрылу принциптері, құрылымы. Баланың дамуына әсер ететін әлеуметтік, биологиялық, психологиялық факторлар. «Жас ерекшеліктері» ұғымының анықтамасы. Белгілі кезеңдерге бөлінуі.

Тәрбие әлеуметтік құбылыс, ерекшелігі. Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері. Тәрбиенің әдістері мен құралдары.

Тәрбие әлеуметтік құбылыс. Тәрбиенің мақсат, міндеттері. Тәрбие процесінің мәні. Өзін - өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу. Тәрбие әдістері туралы ұғым, топтастыру.

Оқушыларды тәрбиелеудің мазмұны және тәрбиенің түрлері. Қазіргі мектептегі балалардың қоғамдық ұйымдары. Балалар ұжымын қалыптастыру.

Ақыл-ой тәрбиесі. Адамгершілік тәрбиесі. Экологиялық тәрбие. Еңбек тәрбиесінің маңызы мен міндеттері, мазмұны. Экономикалық білім және тәрбие берудің негіздері. Еңбек тәрбиесі. Эстетикалық тәрбие. Дене тәрбиесінің маңызы, міндеттері, мазмұны. Құқықтық тәрбие. Қазіргі мектептегі балалардың қоғамдық ұйымдары, міндеттері. Көрнекті педагогтардың ұжым туралы зерттеулері. Ұжым белгілері, нығайту қалыптастыру жолдары.

Мұғалім – сынып жетекші. Отбасы, мектеп, жұртшылық.

Сынып жетекшісінің негізгі міндеттері мен қызметінің ерекшеліктері. Мектеп пен отбасы, қоғам ынтымақтастығы. Ата – аналармен жұмыстың формалары.

Дидактика. Оқыту принциптері.

Дидактика пәні, негізгі ұғымдары. Дидактиканың негізгі тұжырымдамалары, мәні, функциялары. Оқыту процесінің негізгі құрамдық бөліктері, функциялары. Дидактиканың негізгі тұжырымдамалары, мәні, функциялары. Оқыту заңдылықтары мен принциптері.

Білім берудің мазмұны. Оқыту әдістері.

Білімнің мазмұны туралы ұғым. Білім беру мазмұнын анықтайтын құжаттар. Оқыту әдістері туралы ұғым, топтастыру.

Оқытуды ұйымдастыру формалары. Оқушылардың білімін, дағдыларын бақылау және бағалау.

Оқытуды ұйымдастыру формалары туралы ұғым, тарихы. Сабақ – оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы. Сабаққа қойылатын талаптар. Сабақтың типтері, құрылымы. Дәстүрлі емес сабақтар. Білім мен дағдыны бақылау мен бағалаудың маңызы мен міндеттері. Тексеру әдістері, түрлері.

Мектептанудың негіздері

Мектептану бөлімінің зерттейтін нысаны. Педагогикалық менеджмент туралы ұғым. Мектеп басшыларының қызметі. Мектептегі педагогикалық кеңес. Мектептегі әдістемелік жұмыс.

Озат педагогикалық тәжірибе және инновация.

Педагогикалық тәжірибе және озат педагогикалық тәжірибе туралы ұғым, маңызды белгілері, талаптары. Ынтымақтастық педагогикасы, оның негізгі идеялары. Қазақстандық жанашылдардың іс-тәжірибелері.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа -1,5-2 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:


1. Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж., Ғалымова Ә.У., Ильясова Р.Қ. Педагогика; Оқулық. - Астана: Фолиант, 2017 ж.

2. Әбенбаев С.Ш. Әбиев Ж. Педагогика. Оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2009.

3. Әбенбаев С.Ш. Педагогика. Оқулық. - Астана: Фолиант, 2015.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Техникалық және кәсіптік
білім департаменті


(қолы)

(Т.А.Ә)

«___» _____ 2023ж.

